«8D04203» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Райымбергенова Кәмшат Тоқашқызының «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Райымбергенова Кәмшат Тоқашқызының «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасына негізделіп, 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Диссертацияның тақырыбы ғылымды дамытудың «Елдің зияткерлік әлеуеті» атты басым бағытына сәйкес.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	«ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы отандық құқық ғылымына елеулі үлес қосады. Себебі қаржы құқығы саласындағы электронды

			ақша айналымын реттеуге бағытталған қазақ тіліндегі алғашқы ғылыми зерттеу еңбегі болып табылады. Автор электронды ақша айналымына қатысты шетелдік және отандық ғылыми зерттеулерді мұқият қарастыра келе қолданыстағы заңнамалар мен құқық қолдану тәжірибелерін жан-жақты талдауда диссертациялық жұмыстың маңыздылығын ашатын ғылыми сыни талдау жүргізуге және түсінуге мүмкіндік беретін жаңа идеялар мен тәсілдерді ұсынған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты автордың өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысын жазу тілі түсінікті және жатық, жұмыс қазақ тілінде сауатты орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толықтай негізделген. Жұмыстың өзектілігі электронды ақшаны қолдану арқылы туындаған қоғамдық пікірталастарды ашып көрсетуі мен ұлттық төлем жүйесін реттеудегі мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан түрлі бағдарламарды терең талдауы арқылы көрініс табады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1)**айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындау арқылы зерттеудің тұтастығы мен орындалған жұмыс сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады. Автор диссертациялық жұмысты жазуда электронды ақша айналымына қатысты қаржылық және құқықтық аспектілерді жан-жақты қарастыра келе, шетелдік заңнамаларды салыстыра талдау арқылы отандық тәжірибенің жай күйі мен оны жетілдірудің жолдарын ұсына отырып, диссертация жұмысының ішкі біртұтастығын көрсету арқылы тақырыпты дәйекті түрде ашады.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес келеді. «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының мақсатына ҚР-дағы электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу мәселелерін анықтау арқылы кешенді талдау жасау және электронды ақшаны қаржылық-құқықтық реттеу бойынша заңнаманы жетілдіруге ұсынымдар беру жатады. Осыдан, диссертациялық жұмыс тақырыбы мен мақсаты толықтай сәйкес келетіндігін көруге болады. Диссертациялық жұмыстың міндеттері таңдалған тақырыпты толығымен ашу мақсатында оның мәселелеріне тоқталып, талдау жасау мен тиімді шешімдерді ұсынумен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның ішкі мазмұны біртұтас, барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық түрде толық байланысқан. Оны диссертациялық жұмыстың мазмұнынан көруге болады. Арнайы тәртіппен кезектескен әр тараудың мазмұндылығы диссертацияның құрылысы дұрыс құрастырылғанын және бөлімдердің өзара байланысты әрі жүйелі екенін көрсетеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне	Диссертацияда автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденген, бұрыннан бар шешімдермен сыни талдау арқылы салыстырылып бағаланған. Бұл өз кезегінде автордың осы тақырыпты толық меңгергенін және зерттеу жүргізудің жаңашылдығы арқылы ғылымға қосқан үлесін қамтиды.

		негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған ғылыми нәтижелер толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияның ғылыми жаңалығы ретінде электронды ақша институтын дербес кешенді құқықтық институт ретінде қарастыру қаржы құқығы мен ақпараттық құқықтың дамуына елеулі үлес қосады. Сонымен қатар ғылыми нәтижелерді автордың электронды ақша айналымы бойынша заңнамалық және тәжірибелік мәселелер мен олардың дамуын қаржылық- құқықтық реттеудің жаңашыл идеялары мен тәсілдерін қолдануы толықтырады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Автор диссертацияда электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу мәселелерінің тиімді шешу жолдары мен даму болашағын кеңейтетін ұсыныстар келтіріп, негіздеген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда көрініс тапқан техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа және негізделген. Сонымен қатар, автордың отандық заңнаманы жетілдіру бойынша берген ұсыныстарының негізділігін атап өтуге болады.
6.	Негізгі қорытындылардың	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген	Диссертацияда көрініс тапқан қорытындылар ғылыми тұрғыда ауқымды негізделген. Жүргізілген диссертациялық зерттеу бойынша алынған қорытындылар автордың мақалаларында жарық көріп, осының нәтижесінде

	негізділігі	(qualitativeresearch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	толыққанды дәлеледемелерде негізделгенін атауға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша автормен келесідей қорғауға шығарылатын тұжырымдар берілген: **1- тұжырымда** электронды ақшаның құқықтық табиғатына зерттеу жасап, жан- жақты талдау жүргізіліп, электронды ақшаның қолма-қол ақша түріне ұқсастығы дәлелденген. Бұл тұжырым тривалды емес, себебі электронды ақшаны дербес құқықтық институт ретінде кешенді зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізген нәтиже. Қорғауға шығарылған тұжырым жаңашыл сипатқа ие. Ұсынылған тұжырымды теория және тәжірибеде қолдану деңгейі өте кең, себебі отандық және шетелдік қаржылық-құқықтық реттеуді қамтиды. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **2-тұжырымда** «Электрондық ақша», «цифрлық валюта», «виртуалдық валюта» ұғымдарына авторлық түсінік берілген. Бұл тұжырым тривалды емес, себебі қаржылық цифрлық өнімдердің бір-бірінен арақатынасы терең зерттеулер жүргізу арқылы алынған және авторлық ұсыныспен сипатталады. Қорғауға шығарылған тұжырым жаңашыл сипатқа ие. Ұсынылған тұжырымды тәжірибеде қолдану деңгейі кең, себебі отандық қаржылық-құқықтық

			реттеуде нақты аспектілер бойынша түсініктерді қамтиды. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **3-тұжырымда** электронды ақша айналымын мемлекеттік реттеуде маңызды рөл атқаратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өкілеттіктерін кеңейту бойынша ұсыныс берілген. Бұл тұжырым тривалды емес, себебі электронды ақша жүйелерінің есептілік-статистикалық сипаттағы ақпараттың азаматтарға қолжетімділігін қамтамасыз етумен сипатталады. Қорғауға шығарылған тұжырым жаңашыл сипатқа ие. Ұсынылған тұжырымды тәжірибеде қолдану деңгейі өте кең, себебі отандық тәжірибеде электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу бойынша электронды ақшаны қолданудағы жаңашыл көзқарас пен азаматтарды ақпараттандыру, электронды ақша жүйелері жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **4-тұжырымда** ҚР Ұлттық Банкімен электрондық ақша эмитенттерінің құрамын толықтыру қажеттілігі дәлелденген. Бұл тұжырым тривалды емес, себебі электронды ақша операцияларын орындауға Ұлттық Банктен арнайы

			лицензиясы бар қаржы ұйымдарының құрамымен эмитенттер қатарын толықтыру отандық электрондық ақша жүйелерінің қызмет етуін бәскеге қабілетті жоғары деңгейге көтеретін жаңашыл идеямен негізделген. Қорғауға шығарылған тұжырым жаңа болып табылады. Ұсынылған тұжырымды тәжірибеде қолдану деңгейі кең, себебі отандық тәжірибеде электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеуді жетілдірудің нақты жолдары ретінде қарастырылған. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **5-тұжырымда** электрондық ақша эмитенттері жүзеге асыра алатын операциялардың тізімдемесімен қолданыстағы заңнаманы толықтыру ұсынылған. Осыған орай, бұл тұжырым тривалды емес екенін көреміз, себебі қолданыстағы заңнаманы толықтырудың нақты ұсынысы ретінде арнайы операциялардың тізімін толықтыру қамтылған. Қорғауға шығарылған тұжырым жаңашыл сипатқа ие. Ұсынылған тұжырымды заңнаманы жетілдіруде және тәжірибеде қолдану деңгейі кең, себебі электронды ақша операциялары бойынша отандық теориялық және тәжірибелік қолданудың мүмкіндіктерін қамтыған. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең;

			7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **6-тұжырымда** түрлі электрондық ақша жүйесінің өзара әрекеттесуінен туындаған мәселелерді шешу үшін өзге жүйелермен параллельно жұмыс істейтін электрондық ақшаларды бір жүйеде қолдануға және қабылдауға мүмкіндік беретін бірыңғай интегратор жүйе құру ұсынылып, оны заңнамамен бекіту көзделген. Бұл тұжырым тривалды емес, себебі цифрландырудың нәтижесінде жаңашыл ұстанымдарды қарастырумен сипатталады. Қорғауға шығарылған тұжырым жаңа болып есептеледі. Ұсынылған тұжырымды тәжірибеде қолдану деңгейі кең, себебі осы интеграторды қолданысқа енгізу электронды ақшаны қолдану арқылы ақша айналымының ашықтығын қамтамасыз ету мен дамуының негізгі көрсеткіштеріне әсер етеді. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертацияның әдістенамалық негізі жұмыстың кіріспесінде толыққанды негізделіп көрсетілген және нақты жазылған. Диссертациялық зерттеудің мазмұндылығын жалпы ғылыми әдістермен қатар, арнайы құқықтық әдістерді автордың үйлесімді шебер қолдануынан байқауға болады.

	ақпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері қажетті дәрежеде сенімді дереккөздерді терең зерделеу арқылы алынған. Оның ішінде, автор салыстырмалы түрде сыни талдау арқылы алынған ақпараттарды терең қорытумен ғылыми тұжырымдау арқылы зерттеу жұмысының нәтижелеріне қол жеткізген.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) **жоқ**	Диссертациялық жұмыста алынған қорытындылар, өзара анықталған байланыстар мен заңдылықтарға эксперименттік зерттеулер қарастырылмаған және жұмыста мәлімделмеген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда көрініс тапқан маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттермен расталған: мысалы, осы салада жазылған ғылыми зерттеу жұмыстары мен қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер және жоғары рецензияланатын ғылыми халықаралық журналдардың мақалаларын қарастыру арқылы автордың диссертация жазудағы ғылыми негіздігінің жоғары екенін көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға	Диссертациялық жұмыста қарастырылған пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Бұл

		жеткілікті/жеткіліксіз	автордың осы тақырыпты зерттеу барысында ғылыми жұмыстарға деген кешенді ізденісін көрсетеді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) **ия;** 2) жоқ	«ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы зор, себебі электронды ақша айналымы отандық және халықаралық деңгейде де өте өзекті болып табылады. Диссертациялық зерттеуден алынған нәтижелер әрі қарай қаржылық және ақпараттық құқық салаларында ғылыми зерттеулерге қолданылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия**; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері қаржылық, әкімшілік, ақпараттық және өзге де заңнаманы дамыту саласында ҚР Парламенті қызметінің заңнамалық және заң жобасын әзірлеуде және азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша және цифрлық қоғамның дамуы бойынша үкіметтік және өзге де бағдарламаларды әзірлеуде қолданылу мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Бұрынғы ғылыми зерттеулерде қарастырылмаған электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеуді жетілдіруге қатысты заңнамалық және практикалық ұсыныстар автормен ұсынылған алғашқы ғылыми зерттеу шешімдері болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты академиялық жазу және ресімдеу сапасы толығымен жоғары талаптарға сай келеді, ғылыми тұрғыдан жүйелі және түсінікті жазылған. Сонымен қатар, ізденушінің академиялық жазу сипатының ерекшелігі терең талдаулар мен дереккөздерге деген сыни көзқараспен сипатталып, осы зерттеу тақырыбын түсінуге мүмкіндік

			береді. Атап өтетіні, электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу бойынша жазылған осы диссертациялық зерттеу жұмысы қазақ тілінде жазылған алғашқы ғылыми еңбек болып табылады.

«8D04203» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Райымбергенова Кәмшат Тоқашқызының «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
заң ғылымдарының докторы, профессор
Конаев Университетінің ғылыми-зерттеу
жұмысы және коммерцияландыру
жөніндегі проректоры
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі) (қолы)

Г.А. Алибаева
(аты-жөні)

З.ғ.д., профессор Алибаева Г. А.-ның қолын
куәландырамын
Кадрлар бөлімінің басшысы

З. К. Сауранбай